

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН  
ЖӨНСІЛТЕР АНЫҚТАМА**

**Қызылорда, 2024 жыл**

## **Білім алушыларға арналған жөнсілтер анықтама**

Оқу үдерісін кредиттік технология негізінде ұйымдастыру бойынша анықтамалық-ақпараттық басылым. - Қызылорда, «Болашақ» университеті, 2024. –31 б.

Бұл ақпараттық-анықтамалық басылымда университет, оның құрылымдық бөлімдері туралы мәліметтер бар. Кредиттік білім беру жүйесін ұйымдастырудың негізгі ережелері келтірілген. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың университеттегі тәртіптері туралы ережелер берілген.

Жөнсілтер анықтама 1 курс білім алушыларына арналған.

«Болашақ» университеті Ғылыми кеңесі тарапынан баспадан шығаруға ұсынылған.

(№ 1 хаттама, «29» тамыз 2024 ж.)

© «Болашақ» университеті баспаханасы, 2024  
Қызылорда, 2024

# «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

## ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

*Оқу орнының толық атауы:* Қызылорда «Болашақ» университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

*Орналасқан жері:* 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау. Ғимарат №115

*Білім беру орнының тарихы мен құрылған уақыты:*

Университет тарихы 1995 жылы Сыр өңірінде Мәскеу Халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университеті филиалының ашылуынан басталады.

Университет беделінің артуы білім алушылар санының ұлғайып, жана білім беру бағдарламалары ашылуына негіз болды.

1998-2001 жылдары университетте Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филиалы жұмыс істеді.

1999 жылы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының қабылдануына байланысты оқу орны дербес «Қызылорда Экономика, статистика және информатика университеті» болып қайта құрылды. Ал 2000 жылы университет жанынан колледж ашылды.

2001 жылдың 12 желтоқсанында ҚР Білім және ғылым министрлігінің АА №0000073 лицензиясын алуына байланысты «Қызылорда Экономика, статистика және информатика университеті» «Болашақ» университеті болып қайта құрылды. 2013 жылы «Болашақ» медициналық колледжі ашылды.

2005 жылы «Болашақ» университеті «Іскерлік тәжірибенің жоғарғы сапасы үшін» халықаралық қорының Алтын медалімен, 2006 жылы Қазақ-Швейцария Бизнес Клубын дамытудағы «Мінсіз іскерлік беделі үшін» Алтын медалімен марапатталды.

2006 жылы университет өкілдері Париж қаласында өткен экономистердің ІІІ Халықаралық Ассоциациясының бас қосуына қатысты.

2014 жылы университет институционалдық аккредитациядан, 2015 жылы мемлекеттік аттестациядан өтті.

2017, 2018 жылы 14 білім беру бағдарламасы бойынша мамандандырылған аккредитациядан өтіп, куәлік алды.

2019 жылғы қаржы-шаруашылық саралау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының кәсіпорындары арасында «Сала көшбасшысы 2019» номинациясында Қазақстан Республикасының кәсіпорындары арасындағы рейтингі бойынша үздік ондыққа енді.

2020 жылы университет ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитациядан өтті. Куәлік №006253 (28.08.2025 жылға дейінгі мерзімге).

2022-2023 оқу жылында 23 білім беру бағдарламасы бойынша мамандандырылған аккредитациядан өтіп, куәлік алды.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінен (IQAA) 09.12.2023 жылы университет халықаралық институционалдық аккредиттеуден

өтті. Куәлік № ІА-А №0144 09.12.2023 ж. (28.04.2028 жылға дейінгі мерзімге).

2023-2024 оқу жылында университет 3 бакалавриат, 4 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша мамандандырылған аккредитациядан өтіп, куәлік алды.

Университетте оқу үдерісін ұйымдастыру және қамтамасыз етудің нормативтік-құқықтық негізін: ҚР Конституциясы, «Білім» туралы және «Ғылым туралы» Заңдар, ҚР басқа да заңнамалық актілері, ҚР Үкіметінің білім беру қызметін реттейтін Қаулылары, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары, университет Жарғысы, Ішкі еңбек және оқу тәртібі Ережелері, Ғылыми Кеңес шешімдері, Академиялық саясат, университеттің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары, ректордың бұйрықтары мен өкімдері құрайды.

Университет өзінің білім беру қызметін №KZ91LAA00032513 (25 шілде, 2023 жыл) нөмірлі лицензиясына, Университет Жарғысына және Құрылтайшының келісім-шартына сәйкес ұйымдастырады.

Университет құрылымы 2 жоғары мектеп, 8 кафедрадан тұрады.

**Жоғары мектептер:**

1. «Білім беру және педагогика» жоғары мектебі
2. «Бизнес, техника және технология» жоғары мектебі

**Кафедралар:**

1. «Педагогика және өнер» кафедрасы
2. «Арнайы педагогика және психология» кафедрасы
3. «Жаратылыстану және спорт» кафедрасы
4. «Филология, журналистика және тарих» кафедрасы
5. «Математика және ақпараттық технологиялар» кафедрасы
6. «Құқықтану және қоғамдық пәндер» кафедрасы
7. «Экономика, аудит, бизнес және басқару» кафедрасы
8. «Инжиниринг және логистика» кафедрасы

«Болашақ» университетінің 8 кафедрасында бакалавриаттың 39 білім беру бағдарламасы және магистратураның 9 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады.

<b>Білім беру және педагогика жоғары мектебі</b>		
<b>Педагогика және өнер кафедрасы</b>		
1	6B01201	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу/Дошкольное обучение и воспитание/Pre-school education and upbringing
2	6B01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/Педагогика и методика начального обучения/ Pedagogy and methods of primary education
3	7M01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/Педагогика и методика начального обучения/ Pedagogy and methods of primary education

4	6B01401	Кәсіптік оқыту/Профессиональное обучение/ Professional education
5	6B01405	Музыкалық білім /Музыкальное образование/ Musical education
6	6B02101	Хореография/ Хореография/ Choreography
<b>Арнайы педагогика және психология кафедрасы</b>		
1	6B01101	Педагогика және психология /Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology
2	6B01901	Дефектология/Дефектология/ Defectology
3	6B01902	Логопедия/ Логопедия/ Speech therapy
4	7M01101	Педагогика және психология /Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology
<b>Жаратылыстану және спорт кафедрасы</b>		
1	6B01501	Биология /Биология/ Biology
2	6B01502	География /География/ Geography
3	6B05201	Экология/Экология/Ecology
4	6B01403	Бастапқы әскери дайындық/Начальная военная подготовка/ Basic military training
5	6B01404	Дене шынықтыру және спорт/Физическая культура и спорт/ Physical culture and sport
<b>Филология, журналистика және тарих кафедрасы</b>		
1	6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті/Казахский язык и литература/Kazakh language and literature
2	6B01702	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті/Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения/Russian language and literature in schools non-Russian language of instruction
3	6B01703	Шетел тілі: екі шетел тілі/Иностранный язык: два иностранных языка/Foreign languages: two foreign languages
4	6B02301	Аударма ісі/Переводческое дело/ Translation business
5	6B03201	Журналистика/Журналистика/ Journalism
6	6B03203	Кітапхана ісі/ Библиотечное дело/Librarianship
7	6B01601	Тарих /История/ History
8	7M01701	Қазақ тілі мен әдебиеті/Казахский язык и литература/Kazakh language and literature
9	7M01601	Тарих /История/ History
10	7M01705	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті/Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения/Russian language and literature in schools non-Russian language of instruction
11	7M01703	Шетел тілі: екі шетел тілі/Иностранный язык: два иностранных языка/Foreign languages: two foreign languages

<b>Бизнес, техника және технология жоғары мектебі</b>		
<b>Математика және ақпараттық технологиялар кафедрасы</b>		
1	6B01503	Математика /Математика/ Maths
2	6B06101	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету/Вычислительная техника и программное обеспечение/ Computing and software
3	6B06102	Ақпараттық жүйелер/Информационные системы/Information Systems
4	6B01504	Информатика /Информатика/ Informatics
5	6B02102	Дизайн/Дизайн/ Design
<b>Құқықтану және қоғамдық пәндер кафедрасы</b>		
1	6B04201	Құқықтану/Юриспруденция/ Jurisprudence
2	6B04203	Құқық қорғау қызметі/Правоохранительная служба/Law enforcement
3	6B04206	Құқықтану & Заң психологиясы/ Юриспруденция & Юридическая психология/ Jurisprudence & Legal psychology
<b>Экономика, аудит, бизнес және басқару кафедрасы</b>		
1	6B04101	Есеп және аудит/Учет и аудит/ Accounting and audit
2	6B04102	Экономика/ Экономика/ Economics
3	6B04103	Қаржы /Финансы/ Finance
4	6B04104	Мемлекеттік және жергілікті басқару/Государственное и местное управление/ State and local government
5	7M04102	Экономика/ Экономика/ Economics
6	7M04104	Мемлекеттік және жергілікті басқару/Государственное и местное управление/State and local government
7	7M04103	Есеп және аудит/Учет и аудит/Accounting and audit
<b>Инжиниринг және логистика кафедрасы</b>		
1	6B07102	Электр энергетикасы/Электроэнергетика/Electric Power
2	6B07202	Мұнай-газ ісі/Нефтегазовое дело/ Oil and gas business
3	6B07301	Құрылыс /Строительство/ Building
4	6B07501	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)/ Стандартизация, сертификация и метрология (по отраслям)/Standardization, certification and metrology (by industry)
5	6B11301	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру/Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта/ Organization of transport, traffic and transport operation

## МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА:

- Оқу-әкімшілік ғимараты;
- №1 372 орындық секциялық типтегі «Студенттер үйі»;
- №2 444 орындық секциялық типтегі «Студенттер үйі»;
- спорт зал;
- асхана;
- баспахана;
- медициналық пункт;
- кітапхана;
- Атриум;
- журналистика студиясы;
- жылыжай;
- «Астаукөл» оқу-далалық, сауықтыру орталығы;
- «Балжансай» агробиологиялық және ғылыми-тәжірибелік учаскесі;
- Арал теңізінің экологиясы мен биоресурстары жағдайы ғылыми-зерттеу институты (АЭБРИ);
- АЭБРИ Арал филиалы.

2017 жылдың наурыз айынан бастап Қызылорда қаласының сол жағалауынан «Болашақ» университетінің кампусының құрылысы басталып, 2019 жылы сәтті аяқталды.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін университетте арнайы мақсаттағы оқу кабинеттері, компьютерлік сыныптар, лингафон кабинеттері жабдықталған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу процесін сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи оқу зертханалары бар.

Университетте 372 компьютер, 18 компьютер классы бар. Университеттің ғимараты, студенттер жатақханасы желісіз интернетпен (WI-FI) қамтамасыз етілген. 2008 жылдан бері университетте оқу үдерісін басқарудың ақпараттық жүйесі енгізілген. Ақпарат алмасу мақсатында университеттің <http://www.bolashak-universitet.edu.kz/> web-сайты Internet желісінде авторлық құқығы бар білім беру порталы ретінде қызмет етеді. Онда университетте болып жатқан жаңалықтар, конференциялар мен студенттік олимпиадалардың нәтижелері, конкурстар мен гранттар, академиялық ұтқырлық және т.б. ақпараттар жарияланып отырады.

Кітапханада 1 абонемент, 150 орындық 1 оқу залы, кітап қорларын сақтау бөлмелері орналасқан. Оқу залдарында оқырмандарға 25 компьютер қызмет етеді. Олардың барлығы ғаламторға қосылған. Оған қоса, Студенттер үйінде 55 орындық оқу залы жұмыс істейді.

## СТУДЕНТТІК ӨМІР

Университеттегі білім беру, ғылым мен тәрбие жұмыстарының өзара байланысы Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына, университеттің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес келеді.

«Болашақ» университетіндегі тәрбие жұмысы университет басшылығымен, жоғары мектеп декандары, топ эдвайзерлері, Студенттік үкіметінің мүшелерімен жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмыстары құрылымының құрамына Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі басқарма, Жастар және тәрбие жұмысы бөлімі, жоғары мектептер, Студенттік үкімет, Студенттер үйінің Студенттік Кеңесі, жоғары мектептердің эдвайзерлері, үйірмелер жетекшілері кіреді. Тәрбие жұмысын үйлестіру мақсатында Эдвайзерлер кеңесі жұмыс жасайды.

Жоғары мектептердегі Эдвайзерлер кеңесі академиялық оқу топтары эдвайзерлердің жұмысын үйлестіреді, талдайды, бағыттайды, бақылайды және есебін тыңдайды. Кеңестің жұмысын аға эдвайзер үйлестіріп отырады. Жоғары мектептердегі тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес ұйымдастырылады. Оқу жылының басында барлық жоғары мектептерде топ эдвайзерлері тағайындалады. Оқу топтарында тәрбие сағаттар ұдайы өткізіліп отырады. Тәрбие процесін ақпараттық қамтамасыз ету университет сайты мен білім беру порталы, әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады.

**Оқу жылы басында бірінші курс білім алушыларына «Бейімдеу» күні өткізіледі.** Мақсаты - жаңа түскен білім алушыларды университетпен жақын таныстыру, моральды-психологиялық қолдау көрсету, жаңа оқу жылына дайындау.

«Болашақ» университетінде жастар саясатын жүзеге асыру үшін Студенттік үкімет жұмыс жасайды. Мақсаты – білім алушылардың көшбасшы топтарының басқарушылық қабілеттерін дамыту, білім алушының тұлғасын қалыптастыру, оның ішкі әлеуметтік, қоршаған ортаға деген мейірімділікке тәрбиелеу, білім алушылардың өзін-өзі басқару (студенттік жиналыстарға) жұмысына қатысуы, университеттегі студенттік өмір мәселелері бойынша бірлесіп шешім қабылдау, білім алушылар контингенті арасынан көшбасшыларды анықтау.

### УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӘКІМШІЛІК БӨЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Қызметі	Аты жөні	Байланыс телефоны
1	Құрылтайшы-президент, экономика ғылымдарының докторы, академик	Досманбетов Бақберген Сәрсенұлы	bake_dos@mail.ru
2	Ректор, техника ғылымдарының докторы	Үмбетов Өмірбек Үмбетұлы	uumbetov@mail.ru 23-45-15
3	Ғылыми жұмыстар және	Тоқтамысов Әсет	aset_58_58@mail.ru



	халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, ауылшарқашылығы ғылымдарының докторы	Мырзаханұлы	ru
4	Стратегиялық даму және экономикалық мәселелер жөніндегі проректор, PhD	Досманбетов Динар Бақбергенұлы	bolashak_5@mail.ru
5	Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, филология ғылымдарының кандидаты	Снасапова Гулжахан Жумашовна	gul.snasapova@mail.ru
6	Күрделі құрылыс жұмыстары жөніндегі проректорлар	Бакберген Кайрат	kairat.bakbergen1970@mail.ru
7	Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы, магистр	Мырзанова Алия Калдыбаевна	alena02_02_84@mail.ru
8	Жастар және тәрбие жұмысы бөлімі басшысы	Жұматаев Ернар Амангелдіұлы	bolashak_5@mail.ru
9	Студенттік бөлімнің басшысы	Тыныштықбаев Нурлан Бигалиевич	nur-mak@bk.ru
10	Бизнес, техника және технология жоғары мектебінің деканы, техника ғылымдарының кандидаты	Ембергенов Муратбек Абдикаримович	ema-2802@mail.ru
11	Білім беру және педагогика жоғары мектебінің деканы, магистр	Серкебаев Дәуренбек Жұбайұлы	daurene@mail.ru
12	Кітапхана меңгерушісі	Алдабергенова Жанар Байшораевна	zhanarazhanara@bk.ru
13	Филология, журналистика және тарих кафедрасы меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты	Нұрсұлтанқызы Жазира	zhaznur@mail.ru
14	Экономика, аудит, бизнес және басқару кафедрасы меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты	Шураева Сарсенкуль Нургалиевна	shuraeva@mail.ru
15	Педагогика және өнер кафедрасы меңгерушісі, педагогика ғылымдарының магистрі	Есенова Роза Кадырбаевна	esenova6322@mail.ru
16	Арнайы педагогика және психология кафедрасы меңгерушісі, әлеуметтік ғылымдар магистрі	Касымбекова Маржан Дуйсенбековна	marjan_kasymbekova@mail.ru

17	Инжиниринг және логистика кафедрасы меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты	Байтасов Камалбек	kbaitasov@mail.ru
18	Құқықтану және қоғамдық пәндер кафедрасы меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты	Аргинбекова Гулнар Ишанбековна	zan_kaf@mail.ru
19	Жаратылыстану және спорт кафедрасы меңгерушісі, ауыл-шаруашылық ғылымдарының кандидаты	Алибекова Галия Беккожаевна	galiya_alibekova@mail.ru
20	Математика және ақпараттық технологиялар кафедрасы меңгерушісі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі	Аймбетова Мария Тулеуовна	aimbetova_maria@mail.ru

## ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### Жалпы түсініктер

Кредиттік технология бойынша оқытуды ұйымдастыру кезінде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады.

*кредит (Credit, Credit-hour)* – білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;

*академиялық күнтізбе (Academic Calendar)* – оқу жылындағы оқу барысын бақылау апталығы, сынақ емтихан, практика және демалыс күндері көрсетілген жалпы жоспары;

*академиялық кезең (Term)* - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;

*академиялық мобильдік* – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-да немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

*академиялық еркіндік* – білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдаубойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

*білім алушының академиялық рейтингі (Rating)* – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру

деңгейінің сандық кәрсеткіші;

*академиялық деңгей (Degree)* – қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже;

*академиялық сағат* – кесте бойынша оқу сабақтардың (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері немесе жеке бекітілген график бойынша білім алушылардың оқытушымен байланыс жұмысының уақыты;

*белсенді үлестірмелі материалдар (КҮМ) (Hand-outs)* – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

*білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)* – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің игеру дәрежесін немесе көлемін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

*білім алушыларды аралық аттестаттау* – білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

*білім алушылардың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - БӨЖ)* – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күн сайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады;

*білім алушылардың оқудағы жетістігі* – білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті;

*білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау* – жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру; *білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау* – академиялық кезең ішінде, оқытушымен өткізілетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

*екі дипломдық білім* – екі тең бағалы диплом (*Double Major*) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (*Major Minor*) алу мақсатында екі оқу жоспары (білім беру бағдарламалары) бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі;

*кредиттік оқыту технологиясы* – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

*қорытынды бақылау* – емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оқу пәні бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру, білім

алушылардың оқудағы жетістігін бақылау; егер бірнеше академиялық кезеңдер барысында пәндер оқытылатын болса, онда оқытылған нақты академиялық кезеңде, пәндерге бөлімдер бойынша, қорытынды бақылау жүргізіледі;

*межелік бақылау* – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

*оқу пәніне жазылу (Enrollment)* – білім алушылардың оқу пәніне белгілі бір тәртіппен алдын ала жазу рәсімі;

*оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі* – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

Тіркеу офисі – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

*оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ)* – бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы;

*оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA)* – (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

*оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ)* – мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін құжат;

*пәннің сипаттамасы (Course Description)* – пәннің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сәйлемнен тұрады);

*постреквизиттер (Prerequisite)* – оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

*постреквизиттер (Postreguisite)* – аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;

*пәндер бағдарламасы (Syllabus)* – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;

*транскрипт (Transcript)* – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат; білім алушының кез-келген оқу кезеңінде сұрауы бойынша беріледі.

*үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі - ҮОЖ)* – білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат;

*жалпы білім беретін пәндер (general education disciplines)* – гуманитарлық және жаратылыстану пәндері.

*элективтік пәндер* – белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері.

*міндетті компонент (Core Subjects)* – білім алушылар тарапынан міндетті түрде оқылатын пәндер.

*күндізгі оқу түрі (Full Time Education)* - оқу жоспарында қарастырылған сабақтарға оқу кестесі бойынша, білім алушының қатысуы тиісті оқу формасы.

*Жеке оқу жоспары* (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім алушымен ҮОЖ және элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес жасалатын оқу жоспары;

*білім алушының жетістігі* - әр-бір білім алушының білім деңгейін, біліктілігін, оқу материалын игеру қабілетін көрсету.

*дуальді оқыту элементтерін енгізе отыры оқыту* – білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте пәннің оқу материалының 40 %-ына дейіні тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және т.б.) меңгерілуі тиіс екені көзделген.

*кафедра* – жоғары оқу орнының негізгі құрылымдық бірлігі, анықталған бағыттар бойынша оқу, ғылыми-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру.

*мамандар даярлайтын кафедра* – жоғары оқу орындағы нақты білім беру бағдарламалары бойынша бітірушілерге жауапты кафедра. Оқу барысында туындаған негізгі сұрақтар мамандар даярлайтын кафедраның меңгерушілерімен шешіледі.

*лаборатория* – оқытушының басқаруымен лабораториялық жұмыстарды жүргізу үшін арнайы құралдармен жабдықталған оқу бөлмесі.

*лекция* – тақырып бойынша оқу материалдарының мазмұнымен таныстыру (теориялық оқыту формасы).

*дайындық бағыты* – кәсіптік білім беру бағдарламасы. Дайындық бағыты бойынша оқу бакалавр дәрежесін берумен аяқталады.

*кәсіби практика* жоғары білімнің міндетті кешендік оқу бағдарламасы болып табылады. Олар оқу, педагогикалық, өндірістік және диплом алдындағы болып бөлінеді.

*практикалық сабақтар* – аудиториялық оқу жұмысының түрі, бұл жерде бағдарламада көрсетілген пән бойынша білімі мен тәжірибесін игеру, практикалық сабақ кезінде ағымдағы бақылау білімін жүргізу мүмкіндігі бар.

*эдвайзер (Advisor)* – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

*аға оқытушы, доцент, профессор (assistant, associate professor, professor)* – жоғары оқу орындарында сабақ беруші қызметкерлердің аталуы.

*бакалавр, магистр, доктор (bachelor, master, doctor)* - белгілі бекітілген мамандандырылған бағдарламаны орындаған жағдайда, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламасын орындаған жағдайда берілетін атақтар.

*доцент* – жоғарғы аттестациялық комиссияның шешімімен берілетін ғылыми атақ. Бұл ғылыми атақ ереже бойынша, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар тұлғаларға беріледі.

*ректор* – жоғары оқу орны (ғылыми) кеңесінің шешімін орындайтын жоғары оқу орнының басшысы, өзіне берілген құқықтар шегінде қаржы, экономикалық, өндірістік-шаруашылық қызмет мәселелерін шешеді.

*проректор* – қызметтің нақты бағыттары бойынша ректордың орынбасары, жоғары оқу орындарының көпшілігінде бұл академиялық мәселелер бойынша проректор, ғылыми жұмыс бойынша проректор, әкімшілік-шаруашылық жұмыс бойынша проректор, сонымен бірге жоғары оқу орнының жарлығында көрсетілген басқада түрлері бойынша тағайындалады.

*декан* – жоғары мектеп басқарушысы, оның қызметіне оқуға қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру, білім алушының академиялық демалысына және т.б. байланысты барлық мәселелерді шешу міндеттері жатады.

### **Оқу үдерісін ұйымдастыру**

Жеке оқу жоспарының негізінде жаңа оқу жылының басында әр білім алушы төмендегі материалдармен қамтамасыз етіледі:

- оқу-әдістемелік кешен, онда оқу бағдарламасы (Syllabus), белсенді қолданатын үлестірмелі материалдар, лекциялар тезистері, тәжірибелік (семинар) сабақтардың жоспарлары, БӨЖ және БОӨЖ жоспарлары, тестік тапсырмалар, семестрлік тапсырмалар, емтихан сұрақтары т.б.

- анықтамалық көрсеткіш; мұнда білім алушының орташа балын есептеу көрсеткіші (GPA); оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі ережелері; білім алушының құқықтарымен міндеттері көрсетіледі.

### **Оқу жылы және академиялық кезең**

Оқу үдерісі университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес ұйымдастырылады.

Оқу жылы – академиялық кезеңдерден тұрады (2 семестр), олар ағымдық аттестациялау, қорытынды бақылау, тәжірибеден өту және демалыс кезеңдерінен тұрады.

Академиялық кезең (Term) - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теориялық кезең: семестр, триместр, тоқсан.

«Болашақ» университетінде әрбір оқу жылы ұзақтығы 15 аптадан тұратын екі академиялық кезеңнен құралады.

Емтихан сессиясына бөлінетін уақыт ұзақтығы екі аптадан кем болмауы тиіс.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы бойынша оқу бағдарламасын

толық игерген, қорытынды аттестаттаудан өткен тұлғаларға «бакалавр» академиялық дәрежесін береді және қосымшасы (транскрипт) бар мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады. Бакалавриатта оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттер көлемімен анықталады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін меңгерген және бакалавриат дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізген кезде жоғары білімнің білім беру бағдарламасы толығымен меңгерілген болып саналады. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу кезеңінде студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады.

Бір оқу жылының толық академиялық жүктемесі **кемінде 60 академиялық кредитке** немесе 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте, білім алушы бір семестр ішінде 30 академиялық кредитті меңгереді. Білім алушының оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы нысандарын университет дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан – 7-8 апта), аралық аттесттау, практика, каникул кезеңдерінен, қорытынды аттесттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратынын ескеру қажет.

«Болашақ» университетінде 3 жыл оқу мүмкіндігі қарастырылған. Арнайы комиссия, конкурс негізінде талантты, жақсы оқитын студенттер арасынан іріктеледі. Әр семестрде 30 кредит игерсе, жазғы уақытта 10 аптада 20 кредит игеріп, 3 жыл бойына жылына 80 кредит игеріп, оқуды аяқтауға мүмкіндік алады. Бұл ретте жазғы 20 кредит игеруде оқу ақысын қосымша әр кредитке есептеліп төлейтін болады.

Бакалавриатта жоғары білімнің білім беруі толық 4 жыл оқу мерзімі бойынша - 240 академиялық кредитті құрайды.

Бір оқу жылының толық оқыту үдерісінің барлық оқу, бақылау шаралары, тәжірибенің ұзақтығы, демалыс және мереке күндері академиялық күнтізбеде алдын-ала көрсетіледі. Оқу шаралары теориялық оқытудың барлық кезеңіндегі жұмыстарды, соның ішінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын, практикалық және зертханалық жұмыстарды, курстық жұмыстар мен жобаларды түгел қамтиды.

**Сабақ таңертеңгі сағат 9.00-да басталады.** Сабақтың төмендегідей түрлері болады:

- ереже бойынша лекциялар бірнеше топтарды біріктіріп өткізіледі;
- зертханалық жұмыстар, академиялық топтар (шағын топтар) үшін өткізіледі;
- практикалық сабақтар академиялық топтар үшін өткізіледі.

Білім алушылардың білім сапасын бақылау үшін Тіркеу офисі жұмыс істейді, яғни ол ағымдағы және қорытынды бақылауды өткізеді.

### **Білім алушылардың үлгерімін бағалау критерийлері:**

Барлық сабақтарға міндетті түрде қатысу. Кешігуге жол бермеу. Жұмыстардың барлық түрлерін көрсетілген мерзімде орындап, қорғау қажет. Кезекті тапсырманы орындамаған немесе одан 50% баллдан кем алған білім алушылар көрсетілген тапсырманы қосымша қайта тапсыра алады.

- білім алушы бекітілген сабақ кестесіне сәйкес сабаққа қатыспаған жағдайда,

барлығы автоматты түрде ескеріліп, курс бойынша бағасына әсер етеді.

- егер, дәлелді себептерге байланысты білім алушы сабаққа қатыса алмаса, жіберіп алған тақырыптың қысқаша мазмұнының түйіндемесін ұсынуға міндетті.

Зертханалық сабақтарға дәлелді себептермен қатыспаған білім алушылар, оқытушы рұқсат еткеннен кейін, лаборанттың қатысуымен қосымша уақыт ішінде өтейді.

Әрбір аралық бақылау алдында сабаққа қатыспаған білім алушы кезекті аралық бақылауға жіберілмейді. Жұмыстардың барлық түрлерін орындамаған білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

Білім алушылар «Болашақ» университетінің Академиялық адалдық ережесін орындауға міндетті. Толерантты, өзгелердің пікірімен санасатын болуы тиіс. Наразалығын әдепті түрде жеткізуі керек. Плагиат және басқа теріс жұмыс түрлеріне жол, аралық және қорытынды емтихан өткізу кезінде бір - бірімен сөйлесуге, көшіріп жазуға және ұялы телефон пайдалануға, басқа біреудің орнына емтихан тапсыруға жол берілмейді. Жоғарыда көрсетілген тәртіпті ескермеген білім алушы «F» қорытынды бағасын алады.

Білім алушы өзіндік жұмыстарды (БӨЖ) орындау барысында, оларды тапсырып, қорғау жөнінде кеңестер, өтілген материалдар бойынша қосымша ақпараттар алу және оқитын пәні бойынша туындаған барлық сұрақтары бойынша оқытушыға оның офис-сағаттары кезінде жүгінуіне болады.

Лекциялық, практикалық/зертханалық ОБӨЖ, БӨЖ сабақтардың баллдары дескрипторларға сәйкес *Platonus* бағдарламасында апта сайын бекітілген сабақ кестесі бойынша көрсетіледі.

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS ке аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Әте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

**Білім алушыларын ЖОО ішінде ауыстыру тәртібі**

Университеттің білім алушыларын ЖОО ішіндегі курстан курсқа ауыстыру оқу жылының қорытындысы бойынша (аралық аттестаттау) жазғы семестр



нәтижелерін және жинаған үлгерімнің орташа балын (GPA) есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты олардың ағымдағы оқу жылына университеттің Ғылыми кеңесі белгілеген оқу курстарының бөлінісінде ауысу балынан төмен емес үлгерімнің орташа балына (GPA) қол жеткізуі болып табылады.

Келесі курсқа ауысуға мүмкіндік беретін, бірақ пән(-дер) бойынша академиялық қарызы бар GPA деңгейі бар білім алушылар оларды келесі жазғы семестрде ақылы негізде жою керек.

Мемлекеттік білім гранттарының иегерлері болып табылатын, үлгерімнің орташа балын (GPA) жинаған және келесі оқу курсына ауыстырылған, бірақ академиялық қарызы бар білім алушылар білім грантынан айырылмайды. Алайда, олар ақылы негізде тиісті пәндерді қайта оқып, олар бойынша емтихан тапсыруға тиіс.

Белгіленген орташа үлгерім балын (GPA) алмаған білім алушылар ауыстырылмайды және осы курста ақылы негізде қайта оқуға қалдырылады. Бұл жағдайда білім алушы қайта оқуға келісім берген жағдайда өтініш береді, академиялық қарыз пәндері бойынша білім беру қызметін көрсету шартына қосымша рәсімдейді. Қайта оқу курсына қалдырылған білім алушылар бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады.

Мемлекеттік білім гранттарының иегерлері болып табылатын, қайта оқу курсына қалдырылған білім алушылар білім беру грантынан айырылады және одан әрі оқуын ақылы негізде жалғастырады.

Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру жоғары мектеп деканының ұсынысы негізінде Университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Білім алушының үлгерімінің орташа баллы (GPA) білім алушының барлық оқу кезеңіндегі оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген баллы ретінде, яғни кредиттер сомасының пән бойынша қорытынды бақылау баллдарының сандық эквивалентіне пән бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы

$$GPA(СВ) = \frac{ЦЭ_1 \cdot K_1 + ЦЭ_2 \cdot K_2 + \dots + ЦЭ_n \cdot K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n},$$

ретінде анықталады. Білім алушы үлгерімінің орташа балы (ША) мынадай формула бойынша есептеледі:

мұндағы:  $K_1, K_2, \dots, K_n$  - кредитпен оқыған пәндердің көлемі;  $n$  - өткен барлық курс үшін оқыған пәндер саны;

$ЦЭ_1, ЦЭ_2, \dots, ЦЭ_n$  - оқу жылының барлық пәндері бойынша қорытынды бағалар, оның ішінде дене шынықтыру, сандық эквивалент

ЖОО ішінде білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушы деканатта ректордың атына өтініш ресімдейді. Білім алушыларды ауыстыру білім алушы мен «Болашақ» университеті ректоры арасындағы білім беру қызметін көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасаумен ректордың бұйрығымен рәсімделеді.

Қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды толық оқу мерзімімен немесе оқу курсы мен төмендетумен басқа ББ ауыстыруға рұқсат етіледі.

### **Білім алушылар құрамынан шығару тәртібі**

Білім алушылар келесі жағдайларда ЖОО-дан шығарылуы мүмкін:

- өз еркі бойынша;
- академиялық үлгермеушілік үшін;
- білім беру қызметін көрсету шартының талаптарын орындамағаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;
- оқу тәртібін бұзғаны үшін;
- ішкі тәртіп ережелерін және университет Жарғысын бұзғаны үшін;
- «Болашақ» университетінде Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін.

Өз еркімен оқудан шығару оқу жылы ішінде білім алушының университет ректорының атына жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі. Білім алушының өтінішіне жоғары мектеп деканының/ Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма бастығының жазбаша негіздемесі қоса беріледі, онда білім алушыны оқудан шығару себептері көрсетіледі.

Ақылы негізде білім алушы ЖОО ректорының атына оқудан шығару туралы өтініш жазғанға дейін өтініш берген күнге дейінгі кезең үшін білім беру қызметіне толық ақы төлеуі тиіс.

Академиялық үлгермеушілік үшін оқудан шығару, егер:

- аралық аттестаттау қорытындысы бойынша білім алушы үшінші рет «қанағаттанарлықсыз» («FX» немесе «F») бағасын алса. Бұл жағдайда жоғары мектеп деканы/ академиялық мәселелер жөніндегі басқарма бастығы білім алушыны оқудан шығару туралы қызметтік жазба жазады, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор («бұйрыққа» виза қою арқылы) қояды.

- бітіруші курстың білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған және қайта оқу курсына (жазғы семестрден өтпей) қалады.

- білім алушы қорытынды аттестаттауға келмеген немесе аттестаттау қорытындысы бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған. Бұл жағдайда білім алушы оқудан шығару себебі көрсетілген жоғары мектеп деканының мәлімдемесі негізінде ЖОО-дан шығарылады. Берілген құжаттарға сәйкес ректордың білім алушыны оқудан шығару туралы «қорытынды аттестаттауға келмегені үшін қабылдансын» немесе «қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алғаны үшін қабылдансын» деген тұжырыммен бұйрық шығарады.

Оқу ақысын төлеу бойынша шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін оқудан шығару оқу жылы ішінде жоғары мектеп деканының ұсынысы негізінде университет бухгалтериясының деректері бойынша оқудан шығарылу себебі көрсетілген қызметтік жазба нысанында жүргізіледі.

Оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығару:

- ағымдағы және бір аралық бақылау нәтижелерімен расталған дәлелсіз себептермен оқу сабақтарының жүйелі түрде босатылуы (дәлелді себептерге

студенттік емхананың анықтамасымен расталған медициналық айғақтар, шетелдік іссапарға шығу, университет әкімшілігінің келісімімен республикалық деңгейдегі спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу, сондай-ақ формажорлық жағдайлар болуы мүмкін). Бұл жағдайда оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығару туралы жоғары мектеп деканының қызметтік жазбасына Академиялық мәселелер жөніндегі проректор («бұйрыққа» виза қою арқылы) бұрыштама қояды;

- білім алушының академиялық демалыстан оны бітіргеннен кейін 7 күн ішінде дәлелді себепсіз шықпауы; егер қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы аралық және қорытынды аттестацияға, жазғы семестрге қатыспаса немесе қайта оқу курсына аяқтамаса. Бұл жағдайда жоғары мектеп деканының оқудан шығару туралы себебін көрсете отырып, қызметтік жазбасына («бұйрыққа» виза қою арқылы) бұрыштама қояды. Берілген құжаттарға сәйкес ректордың «академиялық демалыстан шықпағаны үшін оқудан шығарылсын» немесе «оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығарылсын» деген тұжырыммен білім алушыларды оқудан шығару туралы бұйрығы шығарады.

Университеттің Академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін одан әрі қайта қабылдау құқығынсыз оқудан шығару Академиялық адалдық ережесіне сәйкес, себебі емтиханнан қайта шығарылған жағдайда (ЖОО-да оқудың барлық кезеңі ішінде) жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда білім алушыны оқудан шығару оның отырысының хаттамасында көрсетілген ЖОО-ның тәртіптік – сыбайлас жемқорлыққа қарсы Кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Университеттен шығарылған білім беру грантының иегері білім алушылар білім беру грантынан айырылады.

ЖОО-дан шығарылған білім алушыға оның өтініші бойынша оқудың барлық кезеңінде өткен пәндердің сағат және кредит көлемі мен тізбесі бар белгіленген мемлекеттік үлгідегі анықтама беріледі.

120000, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы,  
Сырдария өзенінің сол жағалауы, ғимарат 115  
<https://bolashak-universitet.edu.kz/>  
[bolashak\\_5@mail.ru](mailto:bolashak_5@mail.ru) +7(7242) 23-45-15